АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫ
ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ

РУКОВОДИТЕЛЬ
АППАРАТА АКИМА
ЖЫЛЫОЙСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 30 сәуір

Құлсары қаласы

ПРИКАЗ

29 н/қ

№

город Кульсары

Бір көзден алу тәсілімен Мемлекеттік сатып алуды (тауар, жұмыс, қызмет) жүзеге асыру туралы

Жылыой ауданы әкімінің 2024 жылғы 04 сәуірдегі №8 «Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне, Жылыой ауданының әкімдігінің 15 сәуірдегі 2024 жылғы №99 «Ауданның аумағындағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға резервтен қаражат бөлу туралы» қаулысына және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 39-бабының 3-тармағының 4-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Жылыой ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайларды жою мақсатында кеңселік тауарлар (ақ қағаз (А4), қалам, қарандаш, файл, маркер, картридж, жесткий диск) және көп функциялы құрылғы, принтер, сканер және мотопомпа, рация сатып алу бойынша тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39-бабының 3-тармағының 4 тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджері А.Е.Қайыроваға.

– Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 39-бабының 3) тармағының 4-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындау тапсырылсын;

3. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Аппарат басшысы **А.Теміржанов**

001127